**"Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 21 желтоқсандағы N 457 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 22 қаңтарда N 2098 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 2013 жылғы 23 мамырдағы N 194 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 23.05.2013 N 194 қаулысымен

«Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1-бабы 4-тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса берілген «Екінші және үшінші, жасөспірімдер арасындағы бірінші, екінші және үшінші, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру» мемлекеттік қызмет регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімінің орынбасары Алтыншаш Жұлдызбекқызы Тайшабаеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі* *М. Тасмағанбетов*

Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы әкімдігінің 2012 жылдың 21 желтоқсандағы № 457 қаулысымен бекітілді

**«Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру» мемлекеттік қызмет регламенті 1. Негізгі ұғымдар**

1. Пайдаланылатын терминдер мен аббревиатураларға анықтама:
1) ауданның дене шынықтыру және спорт мәселесі бойынша жергілікті атқарушы орган - «Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
2) құрылымдық - функционалдық бірліктер – бұл уәкілетті органдардың, мемлекеттік органдардың, мемлекеттік органдары құрылымдық бөлімшелерінің жауапты тұлғалары, ақпараттық жүйелер және олардың кіші жүйелері (бұдан әрі – ҚФБ).

## 2. Жалпы ережелер

2. Мемлекеттік қызмет «Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ауданның дене шынықтыру және спорт мәселесі бойынша жергілікті атқарушы орган мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі - жергілікті атқарушы орган), осы Регламенттің 1, 2-қосымшаларына сәйкес тұтынушының тұрғылықты орны бойынша Солтүстік Қазақстан облысы бойынша «Халыққа қызмет көрсету орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны филиалының Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы бойынша бөлімі (бұдан әрі - Орталық) арқылы көрсетіледі.
Мемлекеттік қызметтің шалғайдағы елді мекендердің тұрғындарына қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік қызметті мобильді орталықтар арқылы көрсетуге жол беріледі./
3. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.
4. Мемлекеттік қызмет «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Заңының 22-1 бабының 2, 3, 4 және 5-тармақтарының, «Дене шынықтыру және спорт саласында азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу мен шарттарының ережесін, сондай-ақ Жаттықтырушыларға, әдіскерлерге, нұсқаушыларға біліктілік санаттарын беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 5 наурыздағы № 02-02-18/29 бұйрығының, сондай-ақ «Спорттық атақтар мен разрядтар және спорттан төреші

санаттарын берудің ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің міндетін атқарушының 2008 жылғы 22 тамыздағы № 01-08/142 бұйрығының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 шілдедегі № 981 «Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру» қаулысымен бекітілген мемлекеттік қызмет стандарты негізінде көрсетіледі.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен қажетті құжаттар туралы толық ақпарат жергілікті атқарушы органның e-mail: ofks-gm@sko.kz, интернет - ресурстарында, жергілікті атқарушы орган, Орталық фойелерінің стендтерінде, ресми ақпарат көздерінде орналасқан.

6. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нәтижесі қағаз жеткізгіште 5 жыл мерзімге спорттық разряд немесе санат беру туралы бұйрықтан үзінді (бұдан әрі - үзінді) не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы электронды құжат нысанындағы дәлелді жауап болып табылады.

7. Мемлекеттік қызмет жаттықтырушыларға, әдіскерлерге, нұсқаушыларға, спортшыларға және спорт төрешілеріне (бұдан әрі - алушылар) спорттық разрядтары мен біліктіліктерді ресми тану мақсатында көрсетіледі.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

8. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі алушы жүгінген сәттен бастап күнтізбелік 30 күннен аспайды (құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді, бұл ретте жергілікті атқарушы орган мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға бір күн қалғанда ұсынады);

2) алушы жүгінген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейінгі күтудің жол берілетін ең көп уақыты 20 минуттан аспайды;

3) алушы жүгінген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің жол берілетін ең көп уақыты 20 минуттан аспайды.

9. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

10. Мемлекеттік қызмет алушының тұрғылықты жері бойынша Орталықтардың ғимаратында көрсетіледі. Залда анықтама бюро, күту үшін орындықтар, толтырылған бланкілердің үлгілері бар анықтамалық стендтер орналасады. Ғимаратта мүмкіндігі шектеулі (күтуге арналған орындықтар, стенділер) адамдар үшін жағдайлар көзделген.

Спортшыға спорттық атақ, разряд беру үшін құжаттар сәйкесінше нормативтер мен талаптарды орындау сәтінен алты ай ішінде жергілікті атқарушы органдарға және орталықтарға жолданады.

11. «1 жасөспірімдер арасындағы спортшысы», «2 жасөспірімдер арасындағы спортшысы», «3 жасөспірімдер арасындағы спортшысы» спорттық разрядтарын меншіктеу туралы мемлекеттік қызмет алу үшін тұтынушы Орталыққа құжаттар тізбесін береді:

1) осы Регламенттің 3-қосымшасына сәйкес белгіленген нысандағы ұсыным;

2) жарыстың атауы, оны өткізу мерзімі мен орны көрсетілген, жарыстың бас төрешісі мен бас хатшысы қол қойған хаттамадан үзінді;

3) осы спорт түрінен республикалық федерацияның мөрімен расталған жарыстар хаттамаларының көшірмелері;

4) осы Регламенттің 4-қосымшасына сәйкес жарыстың бас төрешісінің және бас хатшысының қол қойған бокс, күрес және басқа да жекпе-жектердің нәтижелері туралы анықтама;

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурс болып табылатын құжаттардың мәліметтерін жергілікті атқарушы орган тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден халыққа қызмет көрсету орталықтарының ақпараттық жүйесі арқылы электрондық цифрлық қолтаңба қойылған электрондық құжат нысанында алады.

Орталық қызметкері түпнұсқаларды құжаттардың көшірмелерімен және мемлекеттік органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйелерінен алынған мәліметтермен салыстырып тексереді, содан кейін түпнұсқаларды мемлекеттік қызметті алушыға қайтарады.

«Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы», «Біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы» санаттарын беру (және/немесе растау) туралы мемлекеттік қызмет алу үшін алушы Орталыққа мынадай құжаттар тізбесін ұсынады:

1) «осы Регламенттің 6-қосымшасына сәйкес белгіленген нысандағы өтініш;

2) білімі, біліктілігін арттыру туралы құжаттың көшірмесі;

3) еңбек кітапшасының немесе датасы және оны тоқтату негіздемесі туралы жұмыс берушінің белгісімен еңбек шартының көшірмесі немесе еңбек шартын жасау және тоқтату негізінде еңбек қатынасын жасау және тоқтатуды растайтын жұмыс беруші актісінен үзінді немесе жұмыскердің еңбек қызметі туралы мәліметтен тұратын мұрағаттық анықтама;

4) осы Регламенттің 7-қосымшасына сәйкес белгіленген үлгідегі анықтама (« Біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі санатсыз жаттықтырушы» санатын меншіктеуді қоспағанда);

5) аталмыш спорт түрі бойынша облыстық федерацияның мөрімен расталған

жарыстар хаттамасының көшірмесі («Біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі санатсыз жаттықтырушы» санатын меншіктеуден қоспағанда);

6) бұдан бұрынғы біліктілік санатының берілуі туралы куәліктің көшірмесі.

Мынадай құжаттардың мәліметі:

жеке тұлға үшін - алушы жеке тұлғаның жеке басын куәландырушы құжат.

Жергілікті атқарушы орган мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстары болып табылатын құжаттар мәліметін электронды цифрлық қол қойылған электронды құжаттар үлгісінде халыққа қызмет көрсету орталықтарының ақпараттық жүйесі арқылы алады.

Орталық қызметкері мемлекеттік органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйеден ұсынылған құжаттар көшірмесі мен мәліметтің дұрыстығын түпнұсқамен салыстырады, кейін түпнұсқаны мемлекеттік қызметті тұтынушыға қайтарады.

«Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы», «Біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы» санатын беру осы Регламенттің 5-қосымшасына сәйкес дене шынықтыру ұйымдары қызметкерлерінің лауазымы үшін біліктілік талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

«Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер», «Біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер» санатын меншіктеу (және/немесе растау) туралы мемлекеттік қызмет алу үшін алушы Орталыққа мынадай құжаттар тізбесін тапсырады:

1) осы Регламенттің 6-қосымшасына сәйкес белгіленген нысандағы өтініш;

2) білімі, біліктілігін арттыру туралы құжаттың көшірмесі;

3) еңбек кітапшасының немесе жұмыс берушінің оны тоқтату күні мен негіздемесі туралы белгісі бар еңбек шартының немесе еңбек шартын жасау және тоқтату негізінде еңбек қатынастарының туындауын және тоқтатылуын растайтын жұмыс берушінің актісінен үзіндінің көшірмесі немесе қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтен тұратын мұрағат анықтамасы;

4) бұдан бұрынғы біліктілік санатының берілуі туралы куәліктің көшірмесі.

Мынадай құжаттардың мәліметі:

алушы – жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат.

«Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер», «Біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер» санатын беру осы Регламенттің 5-қосымшасына сәйкес дене шынықтыру ұйымдары қызметкерлерінің лауазымы үшін біліктілік талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Жергілікті атқарушы орган мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстары болып табылатын құжаттар мәліметін электронды сандық қол қойылған электронды құжаттар үлгісінде халыққа қызмет көрсету орталықтарының ақпараттық жүйесі арқылы алады.

Орталық қызметкері мемлекеттік органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйеден ұсынылған құжаттар көшірмесі мен мәліметтің дұрыстығын түпнұсқамен салыстырады, кейін түпнұсқаны мемлекеттік қызметті алушыға қайтарады.

«Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы» санатын меншіктеу (және/немесе растау) туралы мемлекеттік қызмет алу үшін алушы Орталыққа мынадай құжаттар тізбесін тапсырады:

1) осы Регламенттің 6-қосымшасына сәйкес белгіленген үлгідегі өтініш;

2) білімі, біліктілігін арттыру туралы құжаттың көшірмесі;

3) еңбек кітапшасының немесе датасы және оны тоқтату негіздемесі туралы жұмыс берушінің белгісімен еңбек шартының көшірмесі немесе еңбек шартын жасау және тоқтату негізінде еңбек қатынасын жасау және тоқтатуды растайтын жұмыс беруші актісінен үзінді немесе жұмыскердің еңбек қызметі туралы мәліметтен тұратын мұрағаттық анықтама;

4) мөрмен расталған соңғы екі жылдағы спортшының жетістіктерін көрсетумен санат меншіктеу туралы спорт түрлері бойынша республикалық федерацияның қолдау хаты;

5) алдындағы біліктілік санатын меншіктеу туралы куәліктің көшірмесі.

Құжаттар мәліметі:

алушы – жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат.

«Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер», «Біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер» санатын меншіктеу осы Регламенттің 5-қосымшасына сәйкес дене шынықтыру ұйымдары қызметкерлерінің лауазымы үшін біліктілік талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Жергілікті атқарушы орган мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстары болып табылатын құжаттар мәліметін электронды сандық қол қойылған электронды құжаттар үлгісінде халыққа қызмет көрсету орталықтарының ақпараттық жүйесі арқылы алады.

Орталық қызметкері мемлекеттік органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйеден ұсынылған құжаттар көшірмесі мен мәліметтің дұрыстығын түпнұсқамен салыстырады, кейін түпнұсқаны мемлекеттік қызметті тұтынушыға қайтарады.

«Спорт төрешісі» төрешілік санатын беру туралы мемлекеттік қызмет алу үшін тұтынушы Қазақстан Республикасының спорттық біліктілік талаптарына сәйкес төрешілік практикасы тәжірибесін растайтын құжатты Орталыққа жеткізеді.

12. Орталық арқылы мемлекеттік қызмет алу үшін өтініш бланкілерін толтыру талап етілмейді.

13. Орталықта құжаттарды қабылдау «кедергісіз» қызмет көрсету арқылы

операциялық залда Орталық қызметкерлерімен жүзеге асырылады.

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін барлық қажетті құжаттар тапсырылған кезде алушыға мыналар көрсетіле отырып тиісті құжаттардың қабылдағаны туралы қолхат беріледі:

1) сұрауды қабылдау күні мен нөмірі;

2) сұрау жасалған мемлекеттік қызмет түрі;

3) қоса берілген құжаттардың саны мен атауы;

4) құжаттарды беру күні (уақыты) мен орны;

5) құжаттарды ресімдеуге өтінішті қабылдаған орталық қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты;

6) алушының тегі, аты, әкесінің аты, уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты және олардың байланыс телефондары.

15. Орталықта дайын құжаттарды алушыға беруді орталықтың қызметкері қолхаттың негізінде онда көрсетілген мерзімде күн сайын «терезе» арқылы жүзеге асырады.

Егер алушы көрсетілген мерзімде қызметтің нәтижесін алуға келмесе, орталық оның бір ай ішінде сақталуын қамтамасыз етеді, содан кейін жергілікті атқарушы органға береді.

16. Жергілікті атқарушы орган аталған мемлекеттік қызметті көрсетуден мынадай негіздемелер бойынша бас тартады:

1) осы Регламенттің 11-тармағында көрсетілген толық құжаттар тізбесін тапсырмауы;

2) құжаттарда жалған немесе бұрмаланған деректер анықталса;

3) спортшыға спорттық атақтарды беру құжаттарын тиісті норматив немесе талаптар орындалған сәттен бастап алты айдан асып кеткен мерзімде ұсынылса.

Осы Регламенттің 11-тармағында көрсетілген құжаттардың біреуін алушы тапсырмаған жағдайда Орталық құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Орталық қызметкерімен құжаттарды қабылдаудан бас тартқан жағдайда алушыға жетіспейтін құжаттарды көрсетумен қолхат беріледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін белгіленген мерзімде немесе құжаттарды толық тапсырмаған жағдайда екі жұмыс күні ішінде алушыға өтінішті қарастырудан бас тарту туралы дәлелді жауап беріледі.

17. Мемлекеттік қызмет алу үшін алушыдан өтініш алған мерзімнен бастап мемлекеттік қызметтің нәтижесін беруге дейінгі мемлекеттік қызмет көрсету кезеңдері:

1) алушы мемлекеттік қызметті алу үшін Орталыққа жүгінеді;

2) Орталық инспекторы өтінішті қабылдайды, ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, осы Регламенттің 11-тармағында көрсетілген құжаттар тізбесі алушымен толық ұсынылмаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас

тартылады, алушыға жетіспейтін құжаттарды көрсетумен қолхат береді. Құжаттар топтамасы толық болған жағдайда өтінішті тіркейді, алушыға құжаттарды беру күні көрсетілген қолхат береді және Орталықтың жинақтау бөліміне тапсырады;

3) Орталықтың жинақтау бөлімінің инспекторы құжаттарды жинайды және жергілікті атқарушы органға тапсырады;

4) жергілікті атқарушы органның жауапты маманы Орталықтан құжаттарды қабылдайды және жергілікті атқарушы органның басшысына қарауға тапсырады;

5) жергілікті атқарушы органның басшысы ұсынылған құжаттарды қарайды, құжаттарды жергілікті атқарушы органның жауапты орындаушысына жолдайды;

6) жергілікті атқарушы органның жауапты орындаушысы құжаттардың толықтығын және дұрыстығын тексереді, спорттық атақтар, разрядтар (бұдан әрі - Комиссия) бойынша комиссияға қарауға жолдайды;

7) Комиссия ұсынылған құжаттарды қарастырады. Комиссия отырысында қарастыру кезінде спорттық атақтар, разрядтар және спорт бойынша соттық санат беру туралы немесе спорттық атақтар, разрядтар және спорт төреші санатын беруге ұсынылған құжаттарды қарастырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды;

8) жергілікті атқарушы органның басшысы Комиссияның хаттамасы негізінде Комиссия отырысы өткен күннен үш күн ішінде спорттық атақтар немесе спорттық разрядтар беру туралы бұйрық шығарады;

9) жергілікті атқарушы органның жауапты орындаушысы үзінді не электрондық құжат үлгісінде мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап дайындайды және жергілікті атқарушы органның басшысына қол қоюға жібереді;

10) жергілікті атқарушы органның басшысы үзіндіге не бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қояды және жергілікті атқарушы органның жауапты маманына жібереді;

11) жергілікті атқарушы органның жауапты маманы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін тіркейді және Орталыққа жолдайды;

12) Орталық инспекторы алушыға үзінді не электрондық құжат үлгісінде мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап береді.

## 4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі іс-әрекеттер (өзара әрекеттестік) тәртібінің сипаттамасы

18. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне келесі құрылымдық – функционалдық бірліктер қатысады (бұдан әрі – ҚФБ):

1) Орталық инспекторы;

2) Орталықтың жинақтау бөлімінің инспекторы;
3) жергілікті атқарушы органның жауапты маманы;
4) жергілікті атқарушы органның басшысы;
5) жергілікті атқарушы органның жауапты орындаушысы;
6) спорттық атақтар, разрядтар беру бойынша комиссия.

19. Әр ҚФБ әкімшілік әрекеттерінің (процедураларының) бірізділігі мен өзара әрекетін мәтіндік кестелік сипаттау әр әкімшілік әрекеттің (процедураның) орындалу мерзімін көрсетумен осы Регламенттің 8-қосымшасында келтірілген.

20. Мемлекеттік қызмет көрсету және ҚФБ процесіндегі әкімшілік әрекеттердің қисынды бірізділігі арасындағы өзара әрекетті көрсететін сызба осы Регламенттің 9-қосымшасында келтірілген.

## 5. Мемлекеттік қызмет көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

21. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын жергілікті атқарушы органның, Орталықтың басшылары, лауазымды тұлғалары, Комиссия мүшелері ( бұдан әрі – лауазымды тұлға), мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлға болып табылады.

Лауазымды тұлғалар мемлекеттік қызметті сапалы және тиімді көрсетуге, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртібінде белгіленген мерзімде мемлекеттік қызмет көрсетуді жүзеге асыруға, мемлекеттік қызмет көрсету барысындағы олармен қабылданатын шешімдерге және әрекеттерге (әрекетсіздік) жауап береді.

«Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру» мемлекеттік қызмет регламентіне 1-қосымша

## Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жергілікті атқарушы орган

| Жергілікті атқарушы органның атауы | Заңды мекенжайы | Жұмыс кестесі | Байланыс телефоны |
| --- | --- | --- | --- |
| «Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының дене | Солтүстік Қазақстан облысы, Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы, Новоишимское | Күн сайын сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00 | 8(71535)-2-19-44 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі | селосы, Абылай хан көшесі, 19 | -14.30, демалыс күндері – сенбі және жексенбі | |

«Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру» мемлекеттік қызмет регламентіне 2-қосымша

## Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша халыққа қызмет көрсету орталығы

| р/с № | Халыққа қызмет көрсету орталығының атауы | Заңды мекен-жайы | Жұмыс кестесі | Байланыс телефоны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Солтүстік Қазақстан облысы бойынша «Халыққа қызмет көрсету орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны филиалының Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы бойынша бөлімі | Солтүстік Қазақстан облысы, Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы, Новоишимское селосы, Ленин көшесі, 7 | Күн сайын түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 19.00 дейін, демалыс – жексенбі | 8(71535)2-22-19 |

«Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру» мемлекеттік қызмет регламентіне 3-қосымша

Нысан

| | | | |
|---|---|---|---|
| ҰСЫНЫМ | | Атақ | Түрлі түсті сурет (2 дана) 3,5 х 4,5 |
| Спорт түрі | | | |
| тегі, аты, әкесінің аты (мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады) | | Туған күні | |
| Ұсынып отырған өңір (облыс, қала) | | Ведомство | Спорт мектебі |
| Оқу, жұмыс орны | | Білімі | Дене шынықтыру білімі |
| Спортпен шұғылдану өтілі | | | |
| Үйінің мекенжайы | | | |

| Алдыңғы атағы | Атақ берілген немесе расталған күн |
|---|---|
| | |
| | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Спортшыны даярлаған жаттықтырушының Т.А.Ә. | | | Жаттықтырушылық санаты | | | |
| | | | | | | |
| Бастапқы дене шынықтыру ұйымы<br>Басшы ________<br>М О<br>Күні 20__ жыл «__»___ | Дене шынықтыру және спорт басқармасы (облыс, қ а л а )<br>Басшы ________<br>М О<br>Күні 20__жыл «__»___ | | | | Аталған спорт түрінен Қазақстан Республикасының ф е д е р а ц и я с ы<br>Б а с ш ы _ _ _ _ _ _ _ _<br>М О<br>Күні 20__жыл «__»____ | |
| | | | | | | |

Комиссияның қарауына келіп түскен күні 20___ жыл «___» ________

| Негізгі көрсеткіштер (нормативтер) | | | |
|---|---|---|---|
| Орындаған күні (күні, айы, жылы) | Жарыстардың атауы | Жарыс дәрежесі, санаты | Көрсеткен нәтижесі |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| Төреші лауазымы | Төрешінің Т.А.Ә. | Қала (ел) | Төрешілік санаты |
| Бас төреші | | | |
| Бас хатшы | | | |
| Аға төреші | | | |

«Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру» мемлекеттік қызмет регламентіне 4-қосымша
Нысан

## Нәтижелер туралы анықтама

_______________________________________________________________берілді
Т . А . Ә .
_______________________________________________________________қаласы
Жарыстың өткен мерзімі және орны ______________________________________
_______________________________________
С а л м а қ с а н а т ы
____________________________________________________________ кг дейін.
Алған орны ____________________________________________________________
_____________________________________________________

Аталған салмақ санатында қатысқан спортшылардың саны ______________________________________________________________________________________________________________________________

| Р/с № | Спортшының тегі, аты | Облысы (қаласы) | Спорттық атағы | Нәтижесі |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

Жарыстардың бас төрешісі ____________________________________________________________________________________________
( Т . А . Ә . )
Жарыстың бас хатшысы ______________________________________________________________________________________________
( Т . А . Ә . )
Жарыстың бас төрешісінің қолы өткізуші ұйымның мөрімен расталады.__________________________________________________________________________________________________________________________
(жаттықтырушы, әдіскер, нұсқаушылардың біліктілік санаттарын беру қағидаларымен таныстым)
20__ жылғы «___» ________________
«Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру» мемлекеттік қызмет регламентіне 5-қосымша

## Дене шынықтыру және спорт ұйымдары қызметкерлерінің лауазымдарына арналған біліктілік талаптары 1. Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы

Біліктілік талаптары: жоғары білім (дене шынықтыру), мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілі, біліктілік арттыру курсынан өтуі, тиісті куәліктің болуы тиіс, соның ішінде:

Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиа ойындарда спорт түрлерінен бағдарлама немесе спорттың ойын түрлерінен жеке, командалық нөмірлерде 1-6 орын алған бір спортшыны дайындау;

Азия ойындарда, Азияның Паралимпиадалық, Сурдлимпиалық ойындарда спорт түрлерінен немесе спорттың ойын түрлерінен жеке, командалық бағдарлама нөмірлерде 1-3 орын алған бір спортшыны дайындау;

әлем, Азия, Еуропа чемпионаттарында, Дүниежүзілік универсиадаларда, халықаралық жасөспірімдер ойындарда жеке немесе командалық ойын түрлерінен 1-5 орын алған бір спортшыны дайындау;

мүгедектер спорты түрлерінен әлем, Азия чемпионаттарында, Дүниежүзілік универсиадаларда, халықаралық жасөспірімдер ойындарда жеке немесе командалық ойын түрлерінен 1-5 орын алған немесе студенттер мен жастар арасындағы әлем чемпионатында 1 орын алған бір спортшыны дайындау;

жеткіншектер арасындағы әлем немесе Азия чемпионатында 1-3 орын алған бір спортшыны дайындау;

жеткіншектер арасындағы мүгедектер спорты түрлерінен әлем немесе Азия чемпионатында 1-3 орын алған бір спортшыны дайындау;

республиканың ұлттық құрама командасына үш спортшыны дайындау;

республиканың жастар құрама командасына төрт спортшыны дайындау;

республиканың жасөспірімдер құрама командасына бес спортшыны дайындау;

елдің құрама командасының бас, мемлекеттік, аға жаттықтырушысы ретінде кемінде үш жыл жаттықтырушы – оқытушы ретінде жұмыс істеу.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спортты дамыту жөніндегі стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын, басқа да дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін, заманауи спорт ғылымы жетістіктері, отандық және шетелдік спортты дамытудың жаңа медико - биологиялық және фармакологиялық әдістерін мен үрдістерін, спорт түрінен оқу-жаттығу процесін ұйымдастыру, еңбек заңнамасының еңбекті қорғау негіздерін, өрт қауіпсіздігі мен санитарлық – гигиеналық нормаларын.

## 2. Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы

Біліктілік талаптары: жоғары білім (дене шынықтыру), мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс, соның ішінде:

Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиа ойындарға бір қатысушыны дайындау;

Азия ойындарда, Азияның Паралимпиадалық, Сурдлимпиалық ойындарда спорт түрлерінен немесе спорттың ойын түрлерінен жеке, командалық бағдарлама нөмірлерінде 4-6 орын алған бір спортшыны дайындау;

әлем, Азия, Еуропа чемпионаттарында, Дүниежүзілік универсиадаларға бір

қатысушы спортшыны дайындау;
мүгедектер спорты түрлерінен әлем, Азия чемпионаттарында, Дүниежүзілік мүгедектер ойындарда, Азия жасөспірімдер паралимпиядалық ойындарында спорттың жеке немесе ойын түрлерінен 6-9 орын алған бір спортшыны дайындау ;
халықаралық кешенді жеткіншектер арасындағы ойындарда жеке немесе спорттың ойын түрлерінен 6-9 орын алған бір спортшыны дайындау;
жеткіншектер арасында мүгедектер спорты түрінен әлем немесе Азия чемпионатында 4-6 орын алған бір спортшыны дайындау;
республиканың ұлттық құрама командасына екі спортшыны дайындау;
республиканың жастар құрама командасына үш спортшыны дайындау;
республиканың жасөспірімдер құрама командасына төрт спортшыны дайындау;
спортта дарынды балаларға арналған мектеп – интернатта немесе спорт колледжінде одан әрі жаттығуы үшін төрт спортшыны тапсыру;
елдің құрама командасының бас, мемлекеттік, аға жаттықтырушысы ретінде кемінде бір жыл жаттықтырушы – оқытушы ретінде жұмыс істеу;
дене шынықтыру және спорт жөніндегі республикалық немесе облыстық уәкілетті органда кемінде екі жыл ұйымдастыру - әдістемелік жұмыс істеу.
Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спортты дамыту жөніндегі стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын, басқа да дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін, заманауи спорт ғылымы жетістіктері, отандық және шетелдік спортты дамытудың жаңа медико - биологиялық және фармакологиялық әдістерін мен үрдістерін, спорт түрінен оқу-жаттығу процесін ұйымдастыру, еңбек заңнамасының еңбекті қорғау негіздерін, өрт қауіпсіздігі мен санитарлық – гигиеналық нормаларын

## 3. Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы

Біліктілік талаптары: жоғары білім (дене шынықтыру), мамандығы бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс, соның ішінде:
кешенді халықаралық жасөспірімдер ойындарында спорттың жеке немесе ойын түрлерінен 6-8 орын алған бір спортшыны дайындау;
жасөспірімдер арасындағы мүгедектер спорты түрлерінен әлем немесе Азия чемпионаттарында 6-8 орын алған бір спортшыны дайындау;

спортта дарынды балаларға арналаған мектеп – интернатқа немесе спорт колледжіне одан әрі жаттығуы үшін екі спортшыны тапсыру;

облыстардың, Астана және Алматы қалаларының құрама командаларына үш спортшыны дайындау;

дене шынықтыру және спорт жөніндегі республикалық немесе облыстық уәкілетті органда кемінде екі жыл ұйымдастыру - әдістемелік жұмыс істеу;

дене шынықтыру және спорт жоғары оқу орнын немесе басқа жоғары оқу орнының дене тәрбиесі факультетін үздік бітіргені туралы дипломның, сондай-ақ көрсетілген оқу орыны мен факультетін бітіргені туралы диплом мен «Қазақстан Республикасының спорт шеберінен» төмен емес спорттық атағының болуы.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спортты дамыту жөніндегі стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын, басқа да дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін, заманауи спорт ғылымы жетістіктері, отандық және шетелдік спортты дамытудың жаңа медико - биологиялық және фармакологиялық әдістерін мен үрдістерін, спорт түрінен оқу-жаттығу процесін ұйымдастыру, еңбек заңнамасының еңбекті қорғау негіздерін, өрт қауіпсіздігі мен санитарлық – гигиеналық нормаларын.

Біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ жаттықтырушы

Біліктілік талаптары: жоғары білім (дене шынықтыру), мамандығы бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілі болуы.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спортты дамыту жөніндегі стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын, басқа да дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін, заманауи спорт ғылымы жетістіктері, отандық және шетелдік спортты дамытудың жаңа медико - биологиялық және фармакологиялық әдістерін мен үрдістерін, спорт түрінен оқу-жаттығу процесін ұйымдастыру, еңбек заңнамасының еңбекті қорғау негіздерін, өрт қауіпсіздігі мен санитарлық – гигиеналық нормаларын.

Біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы

Біліктілік талаптары: орта білім (дене шынықтыру), мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс, соның ішінде:

Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиа ойындарында спорт түрлерінен

немесе спорттың ойын түрлерінен жеке, командалық бағдарлама нөмірлерінде 1-6 орын алған бір спортшыны дайындау;

Азия ойындарда, Азияның Паралимпиадалық, Сурдлимпиалық ойындарда спорт түрлерінен немесе спорттың ойын түрлерінен жеке, командалық бағдарлама нөмірлерінде 1-3 орын алған бір спортшыны дайындау;

әлем, Азия, Еуропа чемпионаттарында, Дүниежүзілік универсиадаларда, кешенді халықаралық жасөспірімдер ойындарда спорттың жеке немесе ойын түрлерінен 1-5 орын алған бір спортшыны дайындау;

мүгедектер спорты түрлерінен әлем, Азия чемпионаттарында, Дүниежүзілік мүгедектер ойындарында, Азия жасөспірімдер ойындарда спорттың жеке немесе ойын түрлерінен 1-5 орын алған немесе жастар мен мүгедек студенттер арасындағы әлем чемпионатында 1 орын алған бір спортшыны дайындау;

жеткіншектер арасындағы әлем немесе Азия чемпионатында 1-3 орын алған бір спортшыны дайындау;

жеткіншектер арасындағы мүгедектер спорты түрлерінен әлем немесе Азия чемпионатында 1-3 орын алған бір спортшыны дайындау;

республиканың ұлттық құрама командасына үш спортшыны дайындау;

республиканың жастар құрама командасына төрт спортшыны дайындау;

республиканың жасөспірімдер құрама командасына бес спортшыны дайындау;

елдің құрама командасының бас, мемлекеттік, аға жаттықтырушысы ретінде кемінде үш жыл жұмыс істеу;

дене шынықтыру және спорт жөніндегі республикалық немесе облыстық уәкілетті органда кемінде үш жыл ұйымдастыру - әдістемелік жұмыс істеу.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спортты дамыту жөніндегі стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын, басқа да дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін, заманауи спорт ғылымы жетістіктері, отандық және шетелдік спортты дамытудың жаңа медико - биологиялық және фармакологиялық әдістерін мен үрдістерін, спорт түрінен оқу-жаттығу процесін ұйымдастыру, еңбек заңнамасының еңбекті қорғау негіздерін, өрт қауіпсіздігі мен санитарлық – гигиеналық нормаларын.

Біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы

Біліктілік талаптары: орта білім (дене шынықтыру), мамандығы бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс, соның ішінде:

Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындардың бір қатысушысын

дайындау;

Азия ойындарда, Азияның Паралимпиадалық, Сурдлимпиалық ойындарда спорт түрлерінен жеке, командалық бағдарлама нөмірлерінде 4-6 орын алған бір спортшыны дайындау;

әлем, Азия, Еуропа чемпионаттарында, Дүниежүзілік универсиадаларға бір қатысушы спортшыны дайындау;

мүгедектер спорты түрлерінен әлем, Азия чемпионаттарында, Дүниежүзілік мүгедектер ойындарда, Азия жасөспірімдер паралимпиядалық ойындарында спорттың жеке немесе ойын түрлерінен бір қатысушыны немесе жастар мен студенттердің әлем чемпионатында 1 орын алған бір спортшыны дайындау;

кешенді халықаралық жасөспірімдер ойындарда жеке немесе спорт ойын түрлерінен 6-9 орын алған бір спортшыны дайындау;

жеткіншектер арасындағы мүгедектер спорты түрінен әлем немесе Азия чемпионатында 4-6 орын алған бір спортшыны дайындау;

республиканың ұлттық құрама командасына екі спортшыны дайындау;

республиканың жастар құрама командасына үш спортшыны дайындау;

республиканың жасөспірімдер құрама командасына төрт спортшыны дайындау;

спортта дарынды балаларға арналған мектеп – интернатта немесе спорт колледжінде одан әрі жаттығуы үшін екі спортшыны тапсыру;

елдің құрама командасының бас, мемлекеттік, аға жаттықтырушысы ретінде кемінде бір жыл жаттықтырушы – оқытушы ретінде жұмыс істеу;

дене шынықтыру және спорт жөніндегі республикалық немесе облыстық уәкілетті органда кемінде екі жыл ұйымдастыру - әдістемелік жұмыс істеу.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спортты дамыту жөніндегі стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын, басқа да дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін, заманауи спорт ғылымы жетістіктері, отандық және шетелдік спортты дамытудың жаңа медико - биологиялық және фармакологиялық әдістерін мен үрдістерін, спорт түрінен оқу-жаттығу процесін ұйымдастыру, еңбек заңнамасының еңбекті қорғау негіздерін, өрт қауіпсіздігі мен санитарлық – гигиеналық нормаларын

Біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы

Біліктілік талаптары: орта білім (дене шынықтыру), мамандығы бойынша кемінде 2 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс, соның ішінде:

әлем, Еуропа, Азия, чемпионаттарына, Азия ойындарына, әлем кубогы

кезеңдеріне, Дүниежүзілік жасөспірімдер ойындарына, ТМД, Балтық және Ресей өңірлері елдерінің халықаралық жасөспірімдер ойындарына спорттық жеке немесе ойын түрлерінен бір қатысушыны дайындау;

мүгедектер спорты түрлерінен әлем, Азия чемпионаттарына, Дүниежүзілік мүгедектер ойындарына, Азия жасөспірімдер паралимпиадалық ойындарына спорттық жеке немесе ойын түрлерінен қатысушы бір спортшыны немесе жастар және мүгедек студенттер арасындағы әлем чемпионатында 1-орын алған бір спортшыны дайындау;

спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернатта немесе спорт колледжінде одан әрі жаттығу үшін төрт спортшыны тапсыру;

облыстардың, Астана және Алматы қалаларының құрама командаларына үш спортшыны дайындау;

дене шынықтыру және спорт жөніндегі республикалық немесе облыстық уәкілетті органда кемінде екі жыл ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс істеу;

дене шынықтыру және спорт жоғары оқу орнын немесе басқа жоғары оқу орнының дене тәрбиесі факультетін үздік бітіргені туралы дипломының, сондай-ақ көрсетілген оқу орны мен факультетті бітіргені туралы диплом мен «Қазақстан Республикасының спорт шеберінен» төмен емес спорттық атағының болуы.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спортты дамыту жөніндегі стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын, басқа да дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін, заманауи спорт ғылымы жетістіктері, отандық және шетелдік спортты дамытудың жаңа медико-биологиялық және фармакологиялық әдістерін мен үрдістерін, спорт түрінен оқу-жаттығу процесін ұйымдастыру, еңбек заңнамасының еңбекті қорғау негіздерін, өрт қауіпсіздігі мен санитарлық-гигиеналық нормаларын.

Біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ жаттықтырушы

Біліктілік талаптары: орта білім (дене шынықтыру) немесе орта (толық) жалпы білім және «Қазақстан Республикасының спорт шеберінен» төмен емес спорттық атағының болуы.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спортты дамыту жөніндегі

стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын, басқа да дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін, заманауи спорт ғылымы жетістіктері, отандық және шетелдік спортты дамытудың жаңа медико-биологиялық және фармакологиялық әдістерін мен үрдістерін, спорт түрінен оқу-жаттығу процесін ұйымдастыру, еңбек заңнамасының еңбекті қорғау негіздерін, өрт қауіпсіздігі мен санитарлық-гигиеналық нормаларын.

Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты әдіскер

Біліктілік талаптары: жоғары білім (дене шынықтыру), мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс, соның ішінде:

жұмыс тәжірибесіне енгізілген ғылыми әзірлемелерінің болуы;

жоғары оқу орнындағы дене тәрбиесі және спорттық жаттықтыру саласындағы кемінде 3 жыл ғылыми-оқытушылық жұмысы;

спорттан біліктіліктің жоғары деңгейдегі бірінші санатты әдіскер лауазымындағы кемінде 3 жыл жұмыс өтілі;

жоғары спорт шеберлігі мектептеріндегі ұйымдастырушылық-әдістемелік және басқарушылық жұмыс, жоғары және орта арнаулы оқу орындарындағы 3 жыл ішіндегі оқытушылық жұмыс;

дене шынықтыру және спорт жөніндегі республикалық және облыстық уәкілетті органдағы 3 жыл ішіндегі ұйымдастырушылық-әдістемелік және басқарушылық жұмыс.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, оқытудың әр түрлі кезеңдеріндегі спортшылардың даярлығын реттейтін нормативтік құжаттарын, оқу-жаттығу процесін қамтамасыз ету нормативтерін, оқу сабақтарын өткізу кезіндегі қауіпсіздік техникасын, дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін, еңбек заңнамасының, еңбекті қорғау негіздерін, өрт қауіпсіздігі мен санитарлық-гигиеналық нормаларын.

Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты әдіскер

Біліктілік талаптары: жоғары білім (дене шынықтыру), мамандығы бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс.

жоғары оқу орнындағы дене тәрбиесі және спорттық жаттықтыру саласындағы кемінде 2 жыл ғылыми-оқытушылық жұмысы;

спорттан біліктіліктің жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер лауазымындағы кемінде 1 жыл жұмыс өтілі;

жоғары спорт шеберлігі мектептеріндегі ұйымдастырушылық-әдістемелік және басқарушылық жұмыс, жоғары және орта арнаулы оқу орындарындағы 2

жыл ішіндегі оқытушылық жұмыс;
республикалық және облыстық уәкілетті органдағы 2 жыл ішіндегі ұйымдастырушылық-әдістемелік және басқарушылық жұмыс.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, оқытудың әр түрлі кезеңдеріндегі спортшылардың даярлығын реттейтін нормативтік құжаттарын, оқу-жаттығу процесін қамтамасыз ету нормативтерін, оқу сабақтарын өткізу кезіндегі қауіпсіздік техникасын, дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін, еңбек заңнамасының, еңбекті қорғау негіздерін, өрт қауіпсіздігі мен санитарлық-гигиеналық нормаларын.

Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер

Біліктілік талаптары: жоғары білім (дене шынықтыру), мамандығы бойынша кемінде 1 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс;
жоғары оқу орнындағы дене тәрбиесі және спорттық жаттықтыру саласындағы кемінде 1 жыл ғылыми-оқытушылық жұмысы;
спорттан біліктіліктің жоғары деңгейдегі санатсыз әдіскер лауазымындағы жұмыс өтілі.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, оқытудың әр түрлі кезеңдеріндегі спортшылардың даярлығын реттейтін нормативтік құжаттарын, оқу-жаттығу процесін қамтамасыз ету нормативтерін, оқу сабақтарын өткізу кезіндегі қауіпсіздік техникасын, дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін, еңбек заңнамасының, еңбекті қорғау негіздерін, өрт қауіпсіздігі мен санитарлық-гигиеналық нормаларын.

Біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ әдіскер

Біліктілік талаптары: жоғары білім (дене шынықтыру).

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, оқытудың әр түрлі кезеңдеріндегі спортшылардың даярлығын реттейтін нормативтік құжаттарын, оқу-жаттығу процесін қамтамасыз ету нормативтерін, оқу сабақтарын өткізу кезіндегі қауіпсіздік техникасын, дене шынықтыру және

спорт саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін, еңбек заңнамасының, еңбекті қорғау негіздерін, өрт қауіпсіздігі мен санитарлық-гигиеналық нормаларын.

Біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты әдіскер

Біліктілік талаптары: орта білім (дене шынықтыру), мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс.

жұмыс тәжірибесіне енгізілген әдістемелік әзірлемелерінің болуы;

жоғары оқу орнындағы дене тәрбиесі және спорттық жаттықтыру саласындағы кемінде 3 жыл ғылыми-оқытушылық жұмыс;

спорттан біліктіліктің орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер лауазымындағы кемінде 3 жыл жұмыс өтілі;

жоғары спорт шеберлігі мектептеріндегі ұйымдастырушылық-әдістемелік және басқарушылық жұмыс, жоғары және орта арнаулы оқу орындарындағы 3 жыл ішіндегі оқытушылық жұмыс;

дене шынықтыру және спорт жөніндегі республикалық және облыстық уәкілетті органдағы 3 жыл ішіндегі ұйымдастырушылық-әдістемелік және басқарушылық жұмыс.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, оқытудың әр түрлі кезеңдеріндегі спортшылардың даярлығын реттейтін нормативтік құжаттарын, оқу-жаттығу процесін қамтамасыз ету нормативтерін, оқу сабақтарын өткізу кезіндегі қауіпсіздік техникасын, дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін, еңбек заңнамасының, еңбекті қорғау негіздерін, өрт қауіпсіздігі мен санитарлық-гигиеналық нормаларын.

Біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер

Біліктілік талаптары: орта білім (дене шынықтыру), мамандығы бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс;

дене тәрбиесі және спорттық жаттықтыру саласындағы кемінде 2 жыл ғылыми-оқытушылық жұмыс;

спорттан біліктіліктің орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер лауазымындағы кемінде 1 жыл жұмыс өтілі;

жоғары спорт шеберлігі мектептеріндегі 2 жыл ішіндегі ұйымдастырушылық-әдістемелік және басқарушылық жұмыс;

дене шынықтыру және спорт саласындағы республикалық және облыстық уәкілетті органдағы 2 жыл ішіндегі ұйымдастырушылық-әдістемелік және басқарушылық жұмыс.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, оқытудың әр түрлі кезеңдеріндегі спортшылардың даярлығын реттейтін нормативтік құжаттарын, оқу-жаттығу процесін қамтамасыз ету нормативтерін, оқу сабақтарын өткізу кезіндегі қауіпсіздік техникасын, дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін, еңбек заңнамасының, еңбекті қорғау негіздерін, өрт қауіпсіздігі мен санитарлық-гигиеналық нормаларын.

Біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер

Біліктілік талаптары: орта білім (дене шынықтыру), мамандығы бойынша кемінде 1 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс;

жоғары оқу орнындағы дене тәрбиесі және спорттық жаттықтыру саласындағы кемінде 1 жыл ғылыми-оқытушылық жұмыс;

спорттан біліктіліктің орта деңгейдегі санатсыз әдіскер лауазымындағы кемінде 1 жыл жұмыс өтілі.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, оқытудың әр түрлі кезеңдеріндегі спортшылардың даярлығын реттейтін нормативтік құжаттарын, оқу-жаттығу процесін қамтамасыз ету нормативтерін, оқу сабақтарын өткізу кезіндегі қауіпсіздік техникасын, дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін, еңбек заңнамасының, еңбекті қорғау негіздерін, өрт қауіпсіздігі мен санитарлық-гигиеналық нормаларын.

Біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ әдіскер

Біліктілік талаптары: орта білім (дене шынықтыру) немесе орта (толық) жалпы білім немесе «Қазақстан Республикасының спорт шеберінен» төмен емес спорттық атағының болуы.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, оқытудың әр түрлі кезеңдеріндегі спортшылардың даярлығын реттейтін нормативтік құжаттарын, оқу-жаттығу процесін қамтамасыз ету нормативтерін, оқу сабақтарын өткізу кезіндегі қауіпсіздік техникасын, дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін, еңбек

заңнамасының, еңбекті қорғау негіздерін, өрт қауіпсіздігі мен санитарлық-гигиеналық нормаларын.

Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты нұсқаушы-спортшы

Біліктілік талаптары: жоғары немесе орта білім, соның ішінде:

Қазақстан Республикасының спорт түрлерінен құрама команданың құрамына (спорт клубына) кіру;

Қазақстан Республикасының ұлттық командасының құрамында Олимпиада ойындарында 1-6-орын;

әлем чемпионаттарында 1-3-орын, Азия ойындарында 1-2-орын, Еуропа чемпионаттарында 1-2-орын және олимпиадалық спорт түрлерінен әлем кубогының финалдарында 1-орын алу.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы », «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, еңбек заңнамасының негіздерін, техника қауіпсіздігі ережесін мен санитарлық-гигиеналық нормаларын және спорттық жаттықтыру негіздерін, оқу сабақтарын өткізу кезіндегі қауіпсіздік техникасын, спорт түрлерінен жарыстардың ережесін, допингке қарсы ережелерін.

Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы

Біліктілік талаптары: жоғары немесе орта білім, соның ішінде:

Қазақстан Республикасының ұлттық командасының құрамында әлем чемпионаттарында 4-6-орын;

Азия чемпионаттарында 1-3-орын, Азия ойындары мен Еуропа чемпионаттарында 3-5-орын;

жастар арасындағы Азия чемпионаттарында 1-3-орын, олимпиадалық спорт түрлерінен жастар арасындағы Азия чемпионаттарында 1-орын, олимпиадалық емес спорт түрлерінен әлем чемпионаттарында 1-3-орын, олимпиадалық емес спорт түрлерінен Азия чемпионаттарында 1-орын.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы » «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, еңбек заңнамасының негіздерін, техника қауіпсіздігі ережесін мен санитарлық-гигиеналық нормаларын және спорттық жаттықтыру негіздерін, оқу сабақтарын өткізу кезіндегі қауіпсіздік техникасын, спорт түрлерінен жарыстардың ережесін, допингке қарсы ережелерін.

Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы

Біліктілік талаптары: жоғары немесе орта білімі бар, соның ішінде Қазақстан Республикасының спорт түрлерінен құрама командасының құрамында (спорт клубында) орын алуы.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы », «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, еңбек заңнамасының негіздерін, техника қауіпсіздігі ережесін мен санитарлық-гигиеналық нормаларын және спорттық жаттықтыру негіздерін, оқу сабақтарын өткізу кезіндегі қауіпсіздік техникасын, спорт түрлерінен жарыстардың ережесін, допингке қарсы ережелерін.

«Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру» мемлекеттік қызмет регламентіне 6-қосымша

Нысан

Біліктілік комиссиясының төрағасы

___________________________________

___________________________________

___________________________________

(дене шынықтыру және спорт жөніндегі ведомствоның немесе жергілікті атқарушы органның атауы)

Ө Т І Н І Ш

_____________________________

(спорт түрі)

Мен, ______________________________________________________

_______ Туған жылы

____________________________________________________________

Спорттық атағы _________________________________, құрметті атағы ___

________________________________________

Жұмыс орны, атқаратын қызметі ____________________________________

_________________________Жаттықтырушы-оқытушылық жұмыс өтілі ____

__________________________________________________________

Үйінің мекенжайы:

____________________________________________________________

_______________________________

Маған ______________________________________________________

______________________ беру туралы мәселені қарауыңызды сұраймын.

Спорттық атақты беру үшін мына жұмыс нәтижелерін негіз ретінде санаймын:__
_____________________________________________________________________________
_______________________________________________________
«___» ____________ 20___ ж.
_____________________________

«Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру» мемлекеттік қызмет регламентіне 7-қосымша
Нысан

**Жаттықтырушы-оқытушының спортшыларды даярлауы туралы АНЫҚТАМА____________________________________________________**
**__________________**
**(тегі, аты, әкесінің аты)**

| Р/с № | Дайындаған спортшының тегі, аты | Туған жылы | Спортшымен жұмыс істеген өтілі | Растаушы құжат | Спорттық нәтижесі | Қайда тіркелген (берілген) | Растаушы құжат |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | |

_____________________________________________________________________________
_________________________________________________________
_____________________________________________________________________________
____________________________________________________

Басшының қолы
М.О. «____» ________________ ж.
Облыстық спорт басқармасы бастығының қолы
М.О. «____» ________________ ж.
«Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары

және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру» мемлекеттік қызмет регламентіне 8-қосымша

## Әрбір ҚФЕ әкімшілік әрекеттердің (шаралардың) бірізділігі мен өзара әрекеттерін мәтіндік кестелік сипаттау 1-кесте. ҚФБ іс-әрекеттерін сипаттау

| Негізгі процестің (жұмыстың ағыны, барысы) іс-әрекеті | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Іс-әрекеттің № (жұмыс-тың ағыны, барысы) | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| ҚФБ атауы | Орталық инспекто-ры | Орталық-тың жинақтау бөлімі-нің инспек-торы | Жергі-лікті атқарушы органның жауапты маманы | Жергілік-ті атқарушы органның басшысы | Жергілікті атқарушы органның жауапты орындаушы-сы | Спорттық атақтар, разряд-тар беру бойынша комиссиясы |
| Әрекет-тің атауы (процес-тің, рәсімнің, операциянын) олардың сипат-тамасы | Құжаттар-ды қабылдау, ұсынылған құжаттар-дың толықты-ғын тексеру, құжаттар тізбесі толық тапсырыл-маған жағдайда құжаттар-ды қабылдау-дан бас тарту, алушыға жетіспей-тін құжаттар-ды көрсету-мен қолхат беру. Құжаттар тізбесі толық болған жағдайда өтінішті тіркеу, алушыға қолхат беру, құжаттар-ды Орталық-тың жинақтау бөліміне тапсыру | Құжаттарды жинау | Құжаттарды қабылдау, жергілікті атқарушы органның басшысы-на қарауға тапсыру | Құжаттар-ды қарастыру, жергілік-ті атқарушы органның жауапты орындаушысына жолдау | құжаттар-дың толықтығын тексеру, спорттық атақтар, разрядтар беру бойынша комиссияға жіберу | Ұсыныл-ған құжаттарды тексеру. Спорттық атақтар, разряд-тар және спорт төреші санатын беру не спорттық атақтар, разряд-тар және спорт төреші санатын беруге ұсыныл-ған құжаттарды қараудан бас тарту |
| Аяқтау нысаны( | | | Құжаттарды жергілікті | Жергілік-ті атқарушы | Құжаттарды спорттық | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| деректер, құжат, ұйымдастыру - өкімдік шешім) | Қолхат | Құжаттарды жергілікті атқарушы органға жіберу | атқарушы органның басшысы-на жіберу | органның жауапты орындаушыға жіберу | атақтар, разрядтар беру бойынша комиссияға жіберу | Комиссия отырысы-ның хаттама-сы |
| Орындалу мерзім-дері | 20 минуттан аспайды | 1 жұмыс күні ішінде | 15 минут ішінде | 1 жұмыс күні ішінде | 1 жұмыс күні ішінде | 30 күнтізбелік күн ішінде |
| Келесі іс-әре-кеттің нөмірі | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

| Негізгі процестің (жұмыстың ағыны, барысы) іс-әрекеті | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Іс-әрекеттің № ( жұмыс-тың ағыны, барысы) | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| ҚФБ атауы | Жергілікті атқарушы органның басшысы | Жергілікті атқарушы органның жауапты орындаушысы | Жергілікті атқарушы органның басшысы | Жергілікті атқарушы органның жауапты маманы | Орталық инспекторы |
| Әрекет-тің атауы ( процес-тің, рәсімнің, операцияның) олардың сипатта-масы | Комиссия хаттамасы негізінде, Комиссия отырысы өткен күннен үш жұмыс күні ішінде спорттық атақтар немесе спорттық разрядтар беру туралы бұйрық шығарады | Үзінді не электронды құжат үлгісінде мемлекеттік қызмет ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауап дайындау | Үзінді не бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қою | Үзінді не бас тарту туралы дәлелді жауапты тіркеу және Орталыққа жіберу | Үзінді не бас тарту туралы дәлелді жауап беру |
| Аяқтау нысаны ( дерек-тер, құжат, ұйымдастыру - өкімдік шешім) | Бұйрық | Құжаттарды жергілікті атқарушы органның басшысына үзіндіні не бас тарту туралы дәлелді жауапты қол қоюға жіберу | Үзінді не бас тарту туралы дәлелді жауап | Нәтижесін Орталыққа жолдау | Үзінді немесе бас тарту туралы дәлелді жауап |
| Орындалу мерзім-дері | 3 жұмыс күні ішінде | 1сағат | 1 сағат | 1 жұмыс күні ішінде | 20 минуттан аспайды |
| Келесі іс-әре-кеттің нөмірі | 8 | 9 | 10 | 11 | |

## 2 кесте. Пайдалану нұсқалары. Негізгі процесс

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ХҚКО жинақтаушы | Жергілікті атқарушы | | Жергі-лікті атқару-шы | Спорт-тық атақтар, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Орталық инспекторы | бөлімінің инспекторы | органның жауапты маманы | Жергілікті атқарушы органның басшысы | органның жауапты маманы | разряд-тар беру бойынша комисс-иясы |
| 1 әрекет Құжаттарды қабылдау, ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеру, құжаттар топтамасы толық тапсырылмаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тарту , алушыға жетіспейтін құжаттарды көрсетумен қолхат беру. Құжаттар топтамасы толық болған жағдайда өтінішті тіркеу, алушыға қолхат беру, құжаттарды Орталықтың жинақтау бөліміне тапсыру | 2 әрекет Құжаттарды жинау және жергілікті атқарушы органға тапсыру | 3 әрекет Орталықтан құжаттарды қабылдау, қарау үшін жергілікті атқарушы органның басшысына тапсыру | 4 әрекет Құжаттарды қарастыру, жергілікті атқарушы органның жауапты орындаушысына жолдау | 5 әрекет Құжат-тардың толық - тығын тексе-ру. Спорт-тық атақ-тар, разрядтар беру бойынша комиссияға қарауға жіберу | 6 әрекет Ұсыныл-ған құжат-тарды қарас-тыру. Спорт-тық атақтар, разряд-тар және спорт төреші санатын беру туралы шешім қабыл-дайды |
| | | | 7 әрекет Комиссия хаттамасы негізінде , Комиссия отырысы өткен күннен үш жұмыс күні ішінде спорттық атақтар немесе спорттық разрядтар беру туралы бұйрық шығарады | 8 әрекет Үзінді дайын-дау | |
| 11 әрекет Алушыға үзінді беру | | 10 әрекет Үзіндіні тіркеу және Орталыққа беру | 9 әрекет. Үзіндіге қол қою | | |

# 3 кесте. Пайдалану нұсқалары. Баламалы процесс.

| Орталық инспекторы | Орталықтың жинақтау бөлімінің инспекторы | Жергілікті атқарушы органның жауапты маманы | Жергі-лікті атқарушы органның басшысы | Жергі-лікті атқарушы органның жауапты орындау-шысы | Спорттық атақтар, разряд - тар беру бойынша комисс-иясы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 әрекет Құжаттарды қабылдау, ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеру, құжаттар тізбесі толық тапсырылмаған | | 3 әрекет Орталықтан | 4 әрекет Құжаттарды | 5 әрекет Құжаттардың толықты- | 6 әрекет Ұсыныл-ған құжаттарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тарту, алушыға жетіспейтін құжаттарды көрсетумен қолхат беру. Құжаттар тізбесі толық болған жағдайда өтінішті тіркеу, алушыға қолхат беру, құжаттарды Орталықтың жинақтау бөліміне тапсыру | 2 әрекет Құжаттарды жинау және жергілікті атқарушы органға тапсыру | құжаттарды қабылдау, жергілікті атқарушы органның басшысына қарау үшін тапсыру | қарау, жергілікті атқарушы органның жауапты орындау-шысына жолдау | ғын тексеру, спорттық атақтар, разряд-тар беру бойынша комис - сияға карауға жіберу | қарау. Спорттық атақтар, разряд - тар және спорт төреші санатын беру туралы шешім қабылдау |
| 10 әрекет Алушыға бас тарту туралы дәлелді жауап беру | | 9 әрекет Бас тарту туралы дәлелді жауапты тіркеу | 8 әрекет Бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қою | 7 әрекет Бас тарту туралы дәлелді жауап дайындау | |

«Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру» мемлекеттік қызмет регламентіне 9-қосымша

## Әкімшілік әрекеттердің логикалық бір ізділігі арасындағы өзара әрекеттесуді бейнелейтін сызбалар




© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК